



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Іскерлік белсенділік жақсарып келеді, бірақ оның қарқыны сәл бәсеңдеді

*2024 жылғы қыркүйектегі іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі*

Астана қ.

2024 жыл, 4 қазан

2024 жылғы қыркүйекте **іскерлік белсенділік** жақсара түсті, алайда өсу қарқыны сәл бәсеңдеді. Көрсеткіш сегізінші ай қатарынан оң аймақта қалып отыр – **51,2**.

Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ) жақсару үрдісі тау-кен өнеркәсібінен басқа барлық секторда байқалды. Онда өндіріс көлемі мен тауарлы-материалдық қорлардың азаюы есебінен индекс **48,9-ға** дейін төмендеді (тамызда – 52,3). Өндірісте көрсеткіштің біршама жақсарғаны байқалды, онда жаңа тапсырыстардың, өндіріс көлемінің және жұмыспен қамту деңгейінің ұлғаюы есебінен индекс **52,4-ке** дейін көтерілді (тамызда – 51,8). Қызмет көрсету секторында да біршама өсім бар – **51,6** (51,1), құрылыста көрсеткіш айтарлықтай өзгерген жоқ – **50,4** (50,5).



Бизнес-ахуал индексі (БАИ) 2024 жылдың қыркүйек айында сәл төмендеді. Бизнес жүргізу ісінің қазіргі жағдайын бағалау көрсеткіші де жақсара түсті. Есесіне, келешек жағдайды бағалау деңгейі төмен болды. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында. Яғни, қазіргі және келешек бизнес-ахуал оң бағаланып отыр.

Кәсіпорындар өнімге/көрсетілетін қызметке деген сұраныстың өсу қарқыны баяулағанын атап өтті. Бұл фактор, әсіресе, тау-кен өнеркәсібі мен құрылысқа әсер етті. Респонденттер инфрақұрылымның қолжетімділігін оң бағалады, алайда, қалған факторлар бойынша (бизнесті қорғау мәселесі, салық жүктемесі және қаржының/кредиттің қолжетімділігі) теріс баға – басымдау.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#).

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz